

КАЗЕТУ LIFE



ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ

№5 (5) 2021 жыл, қараша, kazetu2001@gmail.com

БҰЛ САНДА:

- ▶ СТУДЕНТТЕР КҮНІНЕ 100 КГ
ТОРТ ДАЙЫНДАЛДЫ
- ▶ ВЫСТАВКА «FOODEXPO»
- ▶ БІЗДІҢ ӘДІЛЕТ – ЧЕМПИОН!



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ



17 қараша күні Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Г.Ә. Сәрсенбекованың 2020-2021 оқу жылына арналған есептік баяндамасы өтті. Кездесу тікелей эфирде Zoom бағдарламасы арқылы жүргізілді және Facebook, Youtube, Instagram парақшаларында трансляцияланды. Кездесуге Байқау кеңесінің мүшелері, қоғам қайраткерлері, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері, «Нұр Отан» партиясы Алматы қаласы Бостандық ауданы филиалының Саяси кеңес өкілдері, студенттер, магистранттар, түлектер, ата-аналар, оқытушы-профессорлар құрамы, жұмыс берушілер қатысты. Соның ішінде филология ғылымының докторы, профессор Асылы Әлиқызы Осман, белгілі ақын Серік Қалиев, Алматы қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы Бекжан Хамитұлы, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы - "Телекоммуникация желілерін басқару орталығы" жетекшісі Н.А.Бектұрсынов, «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі Рая Ескендір, «Ана тілі» газетінің тілшісі Бағдагүл Мұратқызы, Aduka.kz ақпараттық агенттігі, Mezgil.kz ақпараттық агенттігінің журналистері және т.б БАҚ өкілдері қатысты.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сәрсенбекова өз баяндамасында жаһанда-

ну және қоғамдағы білім беру рөлінің артуына байланысты қызығушылық танытатын тараптар алдында 2020-2021 оқу жылында жасалған жұмыстың нәтижелері, оқу ғимараттарының жөндеу жұмыстары, жаңа ғылыми кітапхананың іске қосылуы, конференц зал, жас ғалымдар залы, сирек кездесетін кітаптар қоры және цифрландырылған кітап залы, кіші акт залы және жаңа ғылыми лабораториялардың пайдалануға берілгені жайлы тоқталды. Студенттердің әлеуметтенуіне, шығармашылық өсуін ұйымдастыруда жүргізілген шаралар жайлы баяндады. Университеттің Даму бағдарламасын іске асыру мақсатында жүргізілген басты 4 бағыт: Академиялық қызмет; Ғылыми – инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық; Әлеуметтік - жастар саясаты; Қаржылық, экономикалық және материалды – техникалық даму бойынша білім бағдарламасына енгізілген өзгерістер жайында, ҚазИТУ студенттерінің білім деңгейі мен республикалық спорттық шараларда жеткен жетістіктері жайлы айтты. Сонымен қатар Гүлнар Сәрсенбекова бәсекеге қабілеттілікті арттырып, сапаға жұмыс жасауда жаңа әдістер мен стратегиялардың маңызын жіктеп, жаңа білім беру бағдарламаларына тоқталды. Болашақты қалыптастыруға қажетті жаңа ұрпақты оқытуда ғылыми-зерттеу жұмысына, ғалымдардың ғылыми жобаларына тоқталып, нәтижелерінің қоғамға әкелетін пайдасы жайлы айтты. Интернационаландыру стратегиясы бойынша жеткен жетістіктер мен 50-ден астам халықаралық жоғары оқу орындарымен байланыстардың кеңейгендігі туралы ақпарат берді. «Мәңгілік ел» идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ҚазИТУ қабырғасында өткен барлық іс-шаралар жайлы мағұлматтармен бөлісті. Университетте ұтымды технологияны пайдалану арқасында студенттер саны сандық та, сапалық та жағынан бірнеше есеге өскені туралы және ҚазИТУ-дағы жаңа жобалар кәсібилікпен қатар жұмсақ дағдыларды қалыптастыруға бағытталатынын баяндады.

Баяндама соңында Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Г.Ә. Сәрсенбекова студенттерді халықаралық студенттер күнімен құттықтап, қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берді, ақпараттармен бөлісті.

Құрметті Студенттер!

Сіздерді 17 қараша - халықаралық Студенттер күнімен құттықтаймын!

Студенттік кезең – университетте білім алған әрбір жанның өмірбаянындағы ұмытылмас шақтардың бірі. Студенттік шақ таусылмас күш- қайратқа, қызыққа толы, ғылым мен әлемді танудың керемет кезеңі. Студенттер қауымы қашанда университетіміздің басты байлығы. Сіздер жоғары дәрежелі және сұранысқа ие маман болады деп сенемін!

Дендеріңіз сау, мақсаттарыңыз айқын болсын!

Ізгі ниетпен, ҚазИТУ ректоры
Г.Ә.Сәрсенбекова



СТУДЕНТТЕР КҮНІНЕ 100 КИЛОГРАМДЫҚ «WHOORIE PIE» ТОРТЫ ДАҰЫНДАЛДЫ

«Қызыққа толы студенттік өмір!» атты халықаралық студенттер күні аясында, «Қызыққа толы студенттік өмір!» атты ерекше тосын сыйларға толы мереке өтті.

17 қараша – халықаралық студенттер күні. Бұл күн қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінде бар сән-салтанатымен тойланып жатыр. Студенттік шақ адам өмірінің ең жарқын сәттерінің бірі. Бұл танысу мен ұзақ жылдарға достық қарым-қатынас құруға мүмкіндік беретін кезең, жастық шақтың базары. Ойын-сауық, түрлі кештер, құрбы-құрдас,



махаббат сынды жастыққа тән дүниелердің бәрі де студенттік өмірдің бөлінбес бөлшегі.

Осы атаулы мерекеге орай, 17 қараша халықаралық студенттер күні Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде «Қызыққа толы студенттік өмір!» атты мерекелік іс-шара өтті. Бұл шараны студенттер үшін ұстаздар, оқытушы-профессорлар қауымы әзірлеп, студенттер күні жоғары деңгейде өту үшін атсалысты. Мерекелік бағдарлама барысында кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар студенттерді құттықтап, ақ тілектерін жаудырды, Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Г.Ә.Сәрсенбеокова атынан ҚазИТУ-дың қоғамдық – мәдени өміріне белсенді араласып, жастар саясатына өзіндік үлесін қосып жүрген студенттер марапатталды.

ҚазИТУ ұжымы студенттерге керемет тосын сый ұсынды. Арнайы халықаралық студенттер күніне орай әзірленген 100 килограмдық «Whoorie pie» торты мерекенің ажарын ашты. Дәмді торт-






ты дайындауда тек сапалы өнімдер қолданылды. Торт 4 қабаттан құралып, түрлі жеміс - жидектермен безендірілді. Студенттерге университет асханасында дастархан жайылып, барлығы торттан дәм татты.

Студенттер күні ұстаздар дайындаған мерекелік концертке ұласты. Бұл кештің ашылу салтанатында Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сарсенбекова құттықтау сөз айтып, студенттерге студенттік билет тапсырды.

ҚазИТУ колледжі Әлеуметтік пәндер кафедрасының оқытушысы Динара Жанбыровна Н.Тілендиевтің «Әлқисса» күйін тартып, дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Шолпан Рақымжан «Аппақ Гүлдер» әнін орындады. Оқытушылар құрамы дайындаған флешмоб биі ұсынылып, университеттің кафедра меңгерушілері "Мекенім Қазақстан!" әнімен концерттік бағдарламаны аяқтады.



28-29 октября ОО «Независимое агентство по обеспечению качества в образовании» при поддержке Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК провели IV Ежегодный Евразийский форум по обеспечению качества в высшем образовании на тему «Подсистема обеспечения качества высших учебных заведений меняющегося мира».

В форуме принял участие ректор Казахстанского инженерно-технологического университета Сарсенбекова Г. А.

Основная цель форума - развитие культуры качества в высших учебных заведениях среди руководителей, администраторов, преподавателей, студентов и заинтересованных сторон высших учебных заведений путем обсуждения и развития эффективной внутренней системы обеспечения качества высших учебных заведений.

В программе форума с докладами на различные темы выступили ректоры, проректоры и представители ведущих университетов Казахстана, а также аккредитационных агентств и вузов Австрии, Германии, Испании, Литвы, Бельгии, Эстонии, Азербайджана и Российской Федерации. В ходе форума участники обменялись друг с другом опытом, по окончании которого были вручены сертификаты.

IV ЕВРАЗИЙСКИЙ ФОРУМ



ТҮЛЕКТЕР EURASIA GROUP КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ



В международном конкурсе Tekla BIM Awards Russia & CIS 2021, который состоялся 2 ноября 2021 года, победила команда под руководством преподавателя-практика КазИТУ Нуралема Абызова и студентов. Вместе команда преподавателей и студентов разработала плагин для Tekla, который немедленно загружает детали САПР и их сварные швы в РТК (роботизированный комплекс). Они одними из первых в СНГ разработали уникальную программу мелкосерийного производства роботов. В настоящее время этот плагин является частью крупнейшего проекта роботизации производства в Казахстане. Проекты были разные, но один из ключевых, это мы пробовали сделать автопилот в Китае (около 100 студентов было там) и я там был одним из менторов.

Абизов Нуралем интересуется робототехникой с шести лет. Учился на магистратуре в Китае в лаборатории ИИ. Бакалавр закончил в КазНУ. Много проектов разработал со студентами Китая. Проекты были разные, но один из ключевых, это мы пробовали сделать автопилот в Китае (около 100 студентов было там) и я там был одним из менторов.

Сейчас занимаюсь роботизацией промышленности Казахстана. Являюсь руководителем разработки. Наша команда разрабо-

Компанияның басты міндеті фермерлерге ауыл шаруашылығын дамытуға, жоғары сапалы өнім өндіру үшін инновациялық шешімдерді енгізуге және қолдануға көмектесу. Кездесу «Rixos» қонақ үйінің конференц залында өтті. Мұндай кездесулер өте маңызды, өйткені студенттерге болашақ мамандықтың ерекшеліктері туралы тікелей білуге, әлеуетті жұмыс берушілермен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.

Компаниялардың жетекші өкілдері өздерінің қызметі, практикадан өту үшін орын ұсыну мүмкіндіктері, жұмысқа орналасу және одан әрі жемісті ынтымақтастыққа дайындық туралы баяндады. Сондай-ақ, жұмыс берушілер студенттердің кәсіпорындарда тағылымдамадан өту, бос жұмыс орындары, жалақы, жұмысқа қабылдау кезіндегі сынақ мерзімі және т. б. туралы көптеген сұраққа жауап берді.

TEKLA BIM AWARDS RUSSIA & CIS

тала ПО которое помогает автоматизировать производство металлических изделий.

Люблю робототехнику, она меня вдохновляет.



Nuralem Abizov
Team Lead at Quant Robotics
Talks about #robotics and #automation
Almaty, Almaty, Kazakhstan - [Contact info](#)

1,374 followers · 500+ connections

[Accept](#) [Ignore](#) [More](#)

Quant Robotics

杭州电子科技大学

ҚАЗИТУ СТУДЕНТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МАҚАЛАСЫ ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМЫНА ҰСЫНЫЛДЫ




Ғылым, ғылыми жоба – ізденіс үстіндегі адамның бір белесі. Ғылыми тұрғыда жаңалық ашу оңай емес. Мұны студенттің көп ізденуі арқылы ғылымға бейімделуі десек болады. Осынау жаһандану, жаңа технологияға қадам басқан сәтте неғұрлым ғылымға жақын болғанымыз абзал. Қабілеті бар студентті жетектеп, жол көрсетіп, технологияны игеруге икемдеуіміз керек. Ғылымды ынтамен игерген адам ғана нәтижеге жете алады. Ол екінің бірінің қолынан келмейді. Студент бойындағы талантқа көз жеткізіп, одан әрі өрбітуге, ұштауға, қатарласының мақтанышы болуға мүмкіндік жасау – ұстазға артылған жүк. Осы орайда университет мақтанышы, ғылыми-зерттеу жұмысынан жүлделі орын алған студентіміз Аружан Бауыржанқызы жайлы айтпақпыз.

Қыркүйек айында Қазақстан-Ресей медициналық университетінде өткен, жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми студенттік конференцияда Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті «Биотехнология» мамандығының 2 курс студенті Аружан Бауыржанқызы «Problems of heredity of allergic diseases» тақырыбында ғылыми жобасын қорғап,

комиссия мүшелерінің шешімі бойынша II дәрежелі диплом иегері атанды. Аружан Бауыржанқызы өзінің ғылыми зерттеу жұмысына арналған мақаласын ағылшын тілінде қорғап, шет тілді терең меңгергені үшін комиссия мүшелерін қызықтырды. Бұл зерттеу жұмысының мақаласы өте жақсы жазылған жоба деп танылып, шетел баспасына жариялауға ұсынылды. Осы жобаны даярлауда ғылыми жетекшісі филология ғылымдарының магистрі, phd доктор, дәріскер Шохаева Қарлығаш Нұрланқызы бағыт-бағдар беріп, ғылыми жобада жүлделі орын алу үшін барын салды.

Аружанның айтуы бойынша, ғылыми-жобаға қатысушылардың біршама бөлігі медицина университеттерінде оқитын студенттер болған. Олар ғылыми жобаларын бірі қазақ, бірі орыс, бірі ағылшын тілінде қорғаған. Аружан ағылшын тіліне деген қызығушылығы мектеп қабырғасынан бастап пайда болғанын айтады. Университетке түскен соң, шет тілді меңгеруге ұстазы Қарлығаш Нұрланқызы да себепкер болған екен. Аружан осы ғылыми – жобаны кемшіліксіз орындап, жүлделі орын алуы ұстазының еңбегі деп біледі.

РЕКТОР КАЗИТУ Г.А. САРСЕНБЕКОВА ПОДПИСАЛА ДОГОВОР С ИЖЕВСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ АКАДЕМИЕЙ



**25 октября ректор
Казахстанского инженерно-
технологического университета
Г.А. Сарсенбекова подписала
договор с ректором
Ижевской государственной
сельскохозяйственной
академией А.А.Брацихиным.**

Основная цель договора - сотрудничество в области образования, научно-технической и инновационной деятельности, обеспечение развития партнерских отношений между университетами, проведение исследований

в рамках совместных проектов на базе исследовательских центров, лабораторий, совместное двойное дипломирование, профессиональное образование, высшее образование, обучение, обмен идеями, информацией и технологиями, а также организация совместных научно-исследовательских и практических работ. В ходе соглашения ректоры вузов обменялись опытом и обсудили основные цели по повышению качества образования. Поделились идеями, реализованными в сфере образования, и обозначили планы будущего сотрудничества между университетами.



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗИТУ СТУДЕНТІН «ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қай уақытта болсын, құтқарушы мамандығының мәртебесі әрқашан биік. Өйткені олар адам өмірін құтқарумен ғана айналысып қоймай, өз өмірін бәсекеге тігеді. Су тасқыны, өрт, апаттар, тіпті қарапайым тұрмыстық мәселелерде де ең бірінші құтқарушылардың көмегіне жүгінеміз. Біздің университетімізде де осы бір қиын да, қызықты мамандықты өмірінің мәніне айналдырған біршама студенттер бар. Талайдың өміріне араша түсіп, өз қызметін адал атқарған, Қазақстан инженерлік – технологиялық университеті Жартылыстану – ғылыми пәндер кафедрасы «Қоршаған ортаны қорғау және оның өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының 4 курс студенті, университет мақтанышы Әділ Мұқашев жайлы сөз қозғамақпыз.

Әділ қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында Төтенше жағдайлар департаментінің №17 Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде жүргізуші болып қызмет атқарады.

2021 жылы қаланы жаппай дезинфекциялау кезінде Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанова көшесінде көпқабатты үйдің үшінші қабатында ас үйден белгісіз жағдайда

өрт шыққан. Өрт кезінде пәтерде 2 бала болған. Олар тілсіз жаудан қорғанбақ болып, пәтердегі қылтима тұсында көршілерін көмекке шақырып, құтқаруларын сұраған. Бұл сәтте Мамандандырылған өрт сөндіруші құрам көпқабатты үйдің ішіне кіріп, өз жұмысын бастап кеткен. Әділ аулада бұйрық күтіп, дайындықпен тұрған мезетте, пәтер ішінде қалып қойған балаларды сырттан көріп, дереу өз жұмысына кіріседі. Биіктікке шығу үшін арнайы 3 қабатты баспалдақ қойып, жоғары көтеріліп, пәтерде қалып қойған екі баланы өрттен аман алып шыққан.

Тілсіз жаудан аман қалған отбасыға жедел – жәрдем қызметкерлері келіп, алғашқы көмек көрсеткен.

Өрт кезінде жалыннан қаймықпай, батылдық танытқаны үшін Ұландар күнінде өткен салтанатты шарада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қолынан "Халық алғысы" медалімен марапатталды.

Әділ Мұқашев бүгінгі таңда халық батыры, ҚазИТУ-дың мақтанышы!



«FOODEXPO»

Студенты 4-го курса колледжа КазИТУ по специальности Технология производства пищевых продуктов посетили выставку пищевой промышленности «FoodExpo».

Осенью 2021 года FoodExpo станет главной B2B-площадкой пищевой промышленности Казахстана и Центральной Азии, которая продемонстрировала разделение сил в отрасли в соответствии с новой реальией. На выставочных стендах ведущие производители продуктов питания и напитков представили в ритейл Казахстана новинки для расширения ассортиментного ряда любой категории. Выставка дополнилась дискуссиями экспертного сообщества, мировыми новинками оборудования, ингредиентов, технологическими инициативами по оптимизации производственных процессов приготовления продуктов питания, а также отраслевой проработкой диверсифицированных сценариев развития пищевой индустрии Центрально-Азиатского региона.

За 23 года выставка превратилась из площадки прямого отраслевого взаимодействия в главный ориентир на продовольственном рынке для отечественных и зарубежных производителей, отправную точку для многих сегодняшних лидеров Казахстана в этой сфере, и, кроме того, FoodExpo Qazaqstan закрепила за собой статус площадки межрегионального сотрудничества. Ежегодно для развития торгово-экономических отношений между странами на выставку выходит более 10 национальных экспозиций, организованных при поддержке отраслевых министерств и ведомств государств ближнего и дальнего зарубежья.



В этом году в выставке приняли участие национальные стенды Беларуси, Германии, Индонезии, Нидерландов, Польши, России, США, Турции, Узбекистана, Южной Кореи и других стран. Уже более 17 региональных экспортных центров Российской Федерации сформировали коллективные экспозиции для налаживания деловых связей российских предприятий с бизнес-сообществом Казахстана и Центральной Азии.

Единый экспобренд FoodExpo Qazaqstan представляет комплекс специализированных отраслевых выставочных экспозиций по следующим направлениям:

- * Пищевая промышленность - FoodExpo – www.foodexpo.kz
- * Сельское хозяйство – AgroWorld- www.agroworld.kz
- * Холодный склад и логистика - ColdChain- www.coldchain.kz
- * Упаковка и упаковочное оборудование – QazPack- www.kazupack.kz
- * Оборудование для гостиниц, ресторанов, супермаркетов – Horex- www.horexexpo.kz

FoodExpo Qazaqstan 2021 ожидает более 400 компаний в числе экспонентов, на сегодняшний день свое участие подтвердили компании из Беларуси, Бельгии, Германии, Индонезии, Италии, Казахстана, Кыргызстана, Малайзии, Нидерландов, Польши, России, Саудовской Аравии, Словении, США, Туркменистана, Турции, Узбекистана, Украины, Франции, Чехии, Шри-Ланки, Южной Кореи.

Участники представили свою продукцию по всем сегментам пищевой отрасли: переработка, жарка, сушка, холодный склад, упаковка и т.д., начиная от оборудования и продуктов для ресторанно-гостиничного бизнеса и заканчивая широким ассортиментом готовой продукции и напитков-кондитерские изделия, молочные и мясные продукты, снеки и бакалея, чай и кофе, а также добавки и специи.

Ежегодно FoodExpo Qazaqstan проходит при поддержке Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан, администрации города Алматы, отраслевых союзов и ассоциаций.

Организатором выставки является казахстанская выставочная компания ИТЕСА.

Организаторы выставки руководствовались рекомендациями местных исполнительных органов, ВОЗ и Всемирной ассоциации выставочной индустрии (UFI) и в ходе выставки были обеспечены все мероприятия санитарно-гигиенического характера, санитарная обработка и дезинфекция для предотвращения распространения COVID 19.

ҚАРАШАДА - В НОЯБРЕ

Технология, жабдық және стандарттау кафедрасында профессор У.Ч. Чоманов 3 курс студенттерімен «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша «Ет және сүт өнімдерінің технологиясы» тақырыбында тәжірибе жүргізді.



ҚазИТУ – дың Жабдықтар және стандарттау кафедрасының «жеміс – көкөніс шаруашылығы», «топырақтану және агрохимия», «азық – түлік өнімдерінің технологиясы», «биотехнология», «технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандықтарының 3 және 4 курс студенттері «Тамақ өнеркәсібі» атты Орта Азиялық көрмеге барып қайтты. Көрмеде студенттер түрлі құрылғылармен танысып, өздерін қызықтырған барлық өзекті сұрақтардың жауабын алды.



Проведена экспериментальная работа по кондитерским изделиям. Студенты третьего курса кафедры «Технология, оборудование и стандартизация» на практических занятиях по образовательной программе «Технология пищевых продуктов» и «технология перерабатывающих производств» выпустили новую рецептуру мучных кондитерских изделий. Проводили эксперименты с использованием растительного сыря.



Байбұлақ кентіндегі демонстрациялық аумақта өткен Нидерланды Елшілігі мен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу институтының семинарына ҚазИТУ-дың «жеміс- көкөніс шаруашылығы», «топырақтану және агрохимия» мамандықтарының студенттері қатысып қайтты. Семинар «Алма, жидек және тас жеміс дақылдары» тақырыбы аясында өтті. Шара барысында ұйымдастырушылар мен Delphy науқаны өз тәжірибелерінің қыр-сырымен бөлісіп, студенттерге бағыт-бағдар берді.

«Мы полностью осознаем свои права и обязанности?»

В связи с тем, что в последнее время в ряде учебных заведений страны участились случаи правонарушений, групповых драк с участием подростков, со студентами всех колледжей проведена встреча с майором полиции ЮПБ МПС Бостандыкского РОВД Алимбековой Асель Мергенбаевной на тему «Профилактика правонарушений». В начале встречи майор полиции Алимбекова А. М. ознакомила присутствующих с ходом профилактики преступной деятельности среди подростков. Подросткам, совершившим правонарушение, рассказали о применяемых мерах и наказаниях. Был продемонстрирован специально подготовленный видеоролик об отбывании наказания несовершеннолетними детьми. Студенты колледжа задали интересующие их вопросы и получили необходимые ответы. В завершение встречи директор колледжа Шалабаева М. Х. обратилась к студентам с призывом быть дисциплинированными, образцовыми лидерами, подчеркнув, что правонарушение не всегда к добру.



«Интересная студенческая жизнь!»



17 ноября, в честь Международного дня студентов, прошла акция «Интересная студенческая жизнь!», награждение студентов 1 и 4 курсов кафедры Естественно научных дисциплин. Отличникам учебы были вручены грамоты за активное участие в общественно - культурной жизни университета, за личный вклад в проведение молодежной политики.

Они:

1. Кожамет Калдыбек Ерикулы 1 курс по
2. Курбанали Алихан Бакитович 1 курс ХТОВ
3. Муканов Мукан Даулетулы 4 курс по
4. Сериков Асылжан 2 курс по

Ко Дню студентов были организованы концертные программы для студентов, а также игры и танцевальные соревнования. Поздравили студентов и выразили теплые пожелания.

Орталық мұражайға саяхат

12 қарашада ҚазИТУ колледжінің 2 курс студенттері Алматы қаласында орналасқан, негізі сонау 1925 жылы қаланған 200 мыңнан астам жәдігерлік бұйымдары бар орталық мұражайды тамашалады. Бұл саяхат «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында студенттерді мұражайдағы құнды деректік жәдігерлермен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Р. Кемпишеваның ұйымдастыруымен, білім алатын тыңдаушылар, студенттер қаламыздың көрікті жерлерін, мәдени орындарын тамашалап, өздерін рухани азықтандырды. Солардың ішінде орталық мұражайдың орны ерекше. Мұражайда адамзаттың қалыптасуынан бастап қазіргі тәуелсіз Қазақстанның өмірінен сыр шертетін жәдігерлер қойылған. Біздің студенттерімізді орталық мұражайда ең қызықтырғаны өздері жақында ғана Қазақстан тарихынан өткен тақырыптарға қатысты тас, қола, темір, түрік дәуірінің ескерткіштері болды.



«Жыр атасы - Жамбыл»

26 қараша күні Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы көптілді бағдарламаға орай Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Жыр атасы-Жамбыл» атты жыр кешін өткізді. Студенттер Жамбыл бабамыздың өлеңдерін үш тілде жырлап, кештің танымдық, тәрбиелік мәнінің зор екенін көрсетті. Шынайы шындықтың көркем суреткері Жамбыл атамыздың шығармашылығына арнаған кеш өте әсерлі де, мәнді болды. Университет студенттері: есеп және аудит мамандығының студенті Аяулым Қаткелді ақын өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы видео сюжет, «финанс» мамандығының студенті Алина Фролова «Жайлау», «ТМО» мамандығының студенті Дархан Қалдыбек «Алатау», «туризм» мамандығының студенті Аяулым Асанова «Богат Алатау», «туризм» мамандығының студенті Нұрай Даулетхан «Қазақстан» жырлары ақын шығармашылығының ажарын аша түсті. Ақын жырларын Аружан Бауыржанқызы, Меруерт Мамырзакова, Әлмина Нұрлан ағылшын тілінде жеткізіп көпшіліктің көңілінен шықты. Кафедраның қауымдастырылған профессоры Р.



Ш. Абдисулейменованың басшылығымен ұйымдастырылған кешке кафедра меңгерушісінің орынбасары А.Б. Нұртазаева, оқытушылар Р.Д. Абилова, З.Р. Ултрақова, Қ.Н.Шохаевалар қатысып, кеш соңында студенттерге ризашылығын білдірді.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚ ЖҮРГІЗІЛДІ



КазИТУ колледжінің Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша 4 курс студенттері тәжірибелік, зертханалық сабақтарын жүргізді. Біздің білім алушыларымыз өндірістік цехта өздерінің теориялық білімдерін жетілдіреді. Студенттеріміз тәжірибе өткенде тамақ дайындаудың толық технологиялық сұлбасын үйренеді, білімдерін шыңдайды, қалаған жерін қағазға түсіріп алады. Олар тәжірибе ретінде үйреніп қана қоймай, үйренгендерін ғылыми жұмыстарына пайдаланып, болашақта қолданады.



Адамның тамақтануы денсаулығына тікелей әсер ететіні белгілі. Сол себепті студенттер осы бағытта ізденіп, пайдалы тамақ өнімдерін шығарады. Сондай-ақ зертханада жасалған өнімдері университет жатақханасының дүкенінде сатылымда тұр. Оны студенттер, оқытушылар сатып алады. Аудиториядан алған білімді тәжірибемен ұштастырып, еңбек майданына ерте араласу, оқығанын оңтайлы пайдалану, ұстаздан көргенін ұстаханада жасау шәкірт үшін шаттықты шақ емес пе? Осы үрдісті отауынан бастаған оқу ошағының озат оқушылары мемлекет мерейін асыруда.

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

24 ноября 2021 г. в онлайн формате на тему: **Инновационные методы обучения в образовательном процессе, докладчик заместитель председателя УМСУ, к.х.н., ассоциированный профессор Муздыбаева Ш.А.**

Одним из составляющих качественного образования в вузах является правильный и грамотный подход в плане выбора методики с использованием современных инновационных технологий преподавания от которого зависит полнота изложения материала, а самое главное понимания и принятия аудиторией предлагаемой темы. В этой связи актуальность проведенного семинара, бесспорно.

В докладе были озвучены цели, задачи данного семинара. Представлены существующие классификаций инновационных методов обучения на современном этапе обучения, когда Казахстан стал частью Болонского процесса в образовательном пространстве.

Дан сопоставительный анализ существующих методов инновационных технологий преподавания, в зависимости от поставленных целей, качественного состава слушателей и выбора темы предмета. В иллюстративном материале наглядно были представлены использования на практике перевернутого вида обучения, который из года в год завоевывает свою нишу в образовательном пространстве.

ҚАЗІТУ СТУДЕНТІ III АШЫҚ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

29-31 қазан аралығында Қостанай қаласында Қазақстан Республикасы Тәуілсіздігінің 30 жылдығына орай III Ашық Азия чемпионатында ерлер - әйелдер және жастар арасында өткен жарыста Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің «Қоршаған ортаны қорғау және оның өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының 2 курс студенті Әділет Нәдірбек джиу – джитсу спорт түрінен 63 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, қола жүлдегер иесі атанды. Университетіміздің беделін асқақтатып, туын көкке желбіреткен Әділет Нәдірбек болашақта университет қоржынына әлі де салар жүлдесі көп екенін айтады.



БІЗДІҢ ӘДІЛЕТ – ЧЕМПИОН!



2021 жылы 29-31 қазан аралығында Қостанай қаласында Қазақстан Республикасы Тәуілсіздігінің 30 жылдығына орай Ш Ашық Азия чемпионатында ерлер - әйелдер және жастар арасында өткен жарыста Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің «Қоршаған ортаны қорғау және оның өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының 2 курс студенті Әділет Нәдірбек джиу – джитсу спорт түрінен 63 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, қола жүлдегер несі атанды. Университетіміздің беделін асқақтатып, туын көкке желбіреткен Әділет Нәдірбек болашақта университет қоржынына әлі де салар жүлдесі көп екенін айтты.

- Әділет Сізді жеңісіңізбен құттықтаймыз! Күні кеше ғана Қазақстанның туын көкке желбіретіп, жекпе – жек күресінен Азия чемпионатының қола жүлдегері, джиу – джитсу спорт түрінен Қазақстан Республикасының чемпионы атандыңыз. Сол сәттегі алғашқы әсер қандай болды?

- Құттықтауларыңызға үлкен рахмет! Әуелі Алланың қалауымен, сосын адал еңбектің арқасында осындай дәрежеге жетіп отырмын. Жеңіске жеткендегі ең алғашқы әсерді сөзбен айтып жеткізу өте қиын. Тіпті бұл қуанышты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес секілді. Өте қуанышты болдым. Еңбегімнің жемісі деп білемін. Бұнымен тоқтап қалмаймын. Бұл тек бастамасы!

- Жалпы спортқа қалай келдіңіз? Қызығушылығыңыз неден басталды?

- Бала кезімде еліміздің намысын қорғап, көк туын аспанда желбірететін спортшы болуды армандайтынмын. Сол балалық қиялдың жетегіне еріп, алғаш рет 4 сынып оқып жүргенде мектептегі еркін күреске табан бастым. Күресте жүріп, өсе- келе спорттың не екенін, бұл оңай жол емес екендігін түсіндім. Сол балалық арманым, қазіргі басты мақсаттарымның біріне айналды. Алдыға қойған мақсаттарыма жету үшін еш аянбай, бар күш-жігерімді салып, еңбек ететін боламын.

- Жекпе- жек, джиу – джитсу және еркін күреспен айналықсаныңызға қанша уақыт болды?

- Жалпы алғанда спортта жүргеніме 8 жылдан астам уақыт өтті. Ең алғаш еркін күрес спорт түрінен бастағанмын. Арада біраз уақыт өткен соң ММА (жекпе жек) спорт түрі елімізде қарқын ала бастады. Теледидардан, әлеуметтік желілерден көріп қызығып, 9 сынып оқып жүргенде жекпе-жекке бет бұра бастадым. Кез-келген салада белгілі бір жетістікке жету үшін тер төгіп, еңбек ету керек, еш нәрсе бірден бола салмайды. Жалпы 8 жыл спортпен айналысып, соның ішінде 3 жыл жекпе-жекте жүріп, 2020-2021 жылдары ғана жақсы нәтиже көрсеттім. Сондағы түйенім, қажырлы қайрат пен берік рухтың арқасында ғана адам жеңіске жетеді екен. Ал қазіргі таңда араши–кاراتэ, комбат, джиу-джитсу, жекпе-жек, еркін күрес, грэплинг, панкратион Араши каратэ, Комбат Джиу-Джитсу, жекпе жек, еркін күрес, мма, грэплинг, панкратион спорт түрлерінен жарыстарға қатысып жүрмін. Алла қаласа аралас жекпе-жектен (ММА) үлкен ареналарда, Әлем чемпионаттарында жеңіске жетемін.

- Алғашқы жеңіліс пен жеңісіңіз және спорттағы бапкеріңіз жайлы айтып берсеңіз?

- Әр спортшы алғашқы жеңісін және жеңілісін жақсы біледі деп ойлаймын. Спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді, бірде бақ шабады, бірде бап шабады. Жеңіске жетсең төбең көкке жетердей қуанасың, ал жеңілген күні көңіл-күйім болмай, тіпті спортпен қош айтысқым келген кездер де болған. Бірақ барлығын ақылға салып, керісінше осы жеңілістен мотивация алып, келесі жолы ұтуға өз-өзімді тәрбиелеймін. Қандай жағдай болмасын, бастаған істі аяғына жеткізіп, орта жолдан тастамауды бірінші ретке қойдым. Спорттағы алғашқы бапкерім Қуаныш Ботабаев. Еркін күрестен Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген жаттықтырушысы. Өте қарапайым, ақкөңіл адам. Менің тек спортта күресуіме емес, өмірде де тұлға болым қалыптасуыма зор еңбегі сінді. Осы кісінің арқасында спортқа аяқ бастым. Ал жекпе-жек спорт түріне дайындайтын бапкерім Мақсұт Абылай. Ол кісі де Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы. Маған бар білгенін үйретіп, қолдау көрсетіп жүреді. Менің ойымша, кез-келген спортшының болашағы бапкерге тікелей байланысты.

- Білім мен спортты бірге алып жүрудің сыры неде?

- Білімді де, спортты да теңдей алып жүруге тырысамын. Менің ойымша білім мен спорт бір-бірін толықтырып, қатар жүруі тиіс. Сабағыма еш кедергі жоқ. Берілген тапсырманы уақытылы орындап, ұстаздарымыздың берген білімін бойымызға сіңірудеміз. Осы орайда ҚазИТУ басшылығына, оқытушылар құрамына алғысымды білдіргім келеді. Маған әрдайым қолдау білдіріп, арман-мақсатыма жету жолында көп ақыл-кеңес беріп отырады. Сайыс кезінде маған жанкүйер болып, жеңіспен оралған кездерде құшақ жая қарсы алып жатады. Маған сенім артып, зор үміт күткені үшін алғысым шексіз.

- Сұхбатыңызға рахмет! Жеңісті күндеріңіз көп болсын!

АДАМ ӨМІРІН ҰЗАРТАТЫН ПАЙДАЛЫ ӨНІМДЕР

Қазіргі кезде бәрімізге белгілі адам денсаулығына зиян келтіретін заттар көбейіп кетті. Денсаулығымызға мейлінше пайдасын тигізетін дәрумендер, пайдалы өнімдер көптеп қолдансақ өмірімізді ұзарту өз қолымызда. Атап айтар болсақ, мамандардың айтуынша, ағзадан зиянды заттарды шығаратын крест тәрізді көкөністердің пайдасы мол. Оларды тұрақты тұтыну нәтижесінде азғаның өздігінен тазару процесі іске қосылады. Көкөністер қатерлі ісіктердің пайда болу қаупін және ерте қайтыс болу ықтималдығын азайтады.

Дәрігерлер адам өмірін ұзартатын пайдалы өнімдер қатарына брокколи, брюссельдік және түрлі-түсті қырыққабат, шалқан және васабиді қосады. Ресей ғалымдары адам өмірін ұзартатын шоколад ойлап тапты. Жаңадан шығарылған өнімге «Теңіз жауһары» деген атау берілді. «Шоколадқа теңіз жұлдызы, теңіз кірпісі мен серменеден бөлінетін заттар қосылды. Бұларды біз «теңіз дәрумендері» деп атадық. «Теңіз дәрумендерінің» мұндай топтамасы қартаю процесін баяулатып, зат алмасуды жақсартады. Бұл өмір сүру сапасының артып, адам өмірінің ұзаруын қамтамасыз етеді», – деді ғалымдар. Айта кетейік, табиғи теңіз қосылыстары медицина-биологиялық құрылымы 40 жылдан бері зерттеліп келеді. Осының арқасында медицинада көптеген дәрі-дәрмек пен биологиялық белсенді қоспалар пайда болды.

Жастықты ұзартатын негізгі өнімдердің бірі - грек жаңғағы. Құрамында полиқанықпаған майлар мен омега-3 қышқылдары көп болғандықтан, холестеринді реттейді және жүрек ауруының пайда болу қаупін азайтады.

Лосось та пайдалы өнімдер қатарында - ол омега-3 қышқылдары мен ақуыздарға бай. Бұл балық артерияларда холестериннің жиналуына жол бермейді, жүрек соғу жылдамдығын сақтайды және теріні қартаюдың әртүрлі белгілерінен, мысалы, қара дақтар, әжімдер, қоңыр дақтардан қорғайды.

Үздік үштікте көкжидек бар. Аталған жеміс жасқа байланысты жад пен қозғалыс функциясының бұзылуынан қорғайтын күшті антиоксидант.

Шпинат ақыл-ойдың бұзылуын, көру қабілетінің төмендеуін және сүйектің деградациясын төмендетеді.

Сонымен қатар, қартаюдан сақтайтын өнімдерге көк шай, брокколи, зәйтүн майы, ащы шоколад, қызанақ және қызыл қоңыр бұрышы жатады.

Міне осы секілді пайдалы тағамдарды қолдансақ денсаулығымыз жақсарып, ұзақ өмір сүруімізге кепіл бола аламыз. Адам денсаулығына өте көп күтім керек. Әр күн сайын жаттығумен айналысу, бір мезгіл серуендеп келу, табиғат аясында бір күнімізді өткізудің өзі адам денсаулығына көп әсерін тигізеді. Біздің дамыған XXI ғасырымызда денсаулығымызға күтім жасау ол әр адамның өз қолында. Себебі, қазіргі таңда тұрып жатқан әлеміміздің қаншалықты денсаулыққа зиян екені бәрімізге мәлім.

Гүлжахан Боханова,
ТПП-20-1К



БИЛ ГЕЙТС ОҚУҒА ҚАНДАҰ КІТАПТАР ҰСЫНДЫ?

Билл Гейтс — АҚШ кәсіпкері әрі қоғам қайраткері, бағдарламалық қамсыздандыру саласының әлемдік көшбасшысы болып табылатын Microsoft Corporation компаниясының негізін қалаушысы және бұрынғы президенті, негізгі акционері. 2008 жыл маусым айына дейін оның басқарушысы болған, ал одан бері директорлар кеңесінің атқарушы емес төрағасы лауазымында.

Жыл сайын ол оқуға бірнеше кітаптардың тізімін ұсынады. 2021 жылы Microsoft негізін қалаушының дәстүрлі тізіміне екі ғылыми-фантастикалық кітап, екі танымал шығарма және бір тарихи фантастика енген.

“Клара мен Күн”, (Klara and the Sun) Казуо Исигуро

“Клара мен Күн” – күн энергиясымен жұмыс істейтін Клара есімді андрондтің оқиғасы. Клараны ауыр науқасқа шалдыққан қызына серік болсын деп бір ана сатып алады. Роман Америка Құрама Штатының утопиялық болашағын баяндайды. Гейтстің айтуынша, Исигуро кітабындағы роботтар зұлым күштер емес. Керісінше, олар адамдарға серік болады.

“Бұл кітап мені өте интеллектуалды роботтардың өмірі қандай болатыны туралы ойлануға мәжбүр етті”, - деп жазды Гейтс.

“Мария жасасын” жобасы (Project Hail Mary), Энди Уир

Романның бас кейіпкері – жұмбақ ғарыш кемесінде оянып, ол жерге қалай жеткенін білмейтін орта мектеп мұғалімі. Билл Гейтс бұл романды барлық фантастика әуесқойларына ұсынады. Кітапта мұғалім мейірімді жат планеталықпен бірге күн жүйесін жұтатын микроорганизмдерден құтқаруға тырысады. Гейтстің айтуынша, бұл демалыс күндері оқуға таптырмас кітап.

Мың ми: интеллекттің жаңа теориясы, (A Thousand Brains: A New Theory of Intelligence) Джефф Хокинс

Хокинс адам миының қалай жұмыс істейтінін және шынайы жасанды интеллект жасау үшін не қажет екенін талдайды. “Мың ми” информатика мен ми ғылымында тәжірибесі жоқ оқырмандардың кең ауқымына арналған. Кітап мидың

архитектурасы және интеллектуалды машиналар болашағы туралы қызықты кітап.

Код бұзушы: Дженнифер Доудна, генді өңдеу және адамзат нәсілінің болашағы, (The Code Breaker: Jennifer Doudna, Gene Editing, and the Future of the Human Race) Уолтер Айзексон

Бұл CRISPR геномын өңдеу әдісін жасағаны үшін химия бойынша 2020 жылғы Нобель сыйлығының иегері биохимик Дженнифер Дуднаның өмірбаяны. Кітапты Стив Джобстың өмірбаянын хатқа түсірген Айзексон жазған. Гейтстің айтуынша, шығарма Дуднаның ғылыми мансабы мен ашқан жаңалықтары туралы жай ғана әңгіме емес.

Кітап гендік редакциялаудың әлеуетті қолданбаларын, мысалы, қан ауруларын емдеуді егжей-тегжейлі қарастырады. Гейтс CRISPR “кейінгі онжылдықтағы ең керемет және мүмкін ең маңызды ғылыми жаңалықтардың бірі”, - дейді. Дегенмен, CRISPR ғылыми қоғамдастықтың үлкен бөлігінде, негізінен, моральдық мәселелерге байланысты терең қайшылық тудырады. “Айзексон генді редакциялаудың ең маңызды этикалық мәселелерін көрсетуде жақсы жұмыс істейді”, - дейді Гейтс. Атап айтқанда, бұл кітап болашақ ұрпақ үшін адам ген қорын өзгертуге қатысты.

“Хамнет” (Hamnet), Мэгги О'Фаррелл

Шекспирдің Хамнет есімді жалғыз ұлы белгісіз себептермен 11 жасында қайтыс болған. Өлімнің кең тараған нұсқасы “бубонды оба” деп аталады. Үш жылдан кейін Шекспир “Гамлетті” жазды. Мэгги О'Фарелл “Хамнет” романында баладан айырылу әлем әдебиеті тарихындағы ең көрнекті трагедияның жасалуымен қалай байланысты болуы мүмкін екенін талқылайды.

“Егер сіз Шекспирдің жанкүйері болсаңыз, әке махаббаты оның ең әйгілі пьесаларының бірін жазуға қалай әсер еткені туралы әсерлі романды ұнатасыз. Меніңше, бұл қайғының отбасын қалай ойрандап жатқанын көрсететін әдемі шығарма”, - дейді Гейтс.

ҰЛТТЫҚ АСПАП ҚОБЫЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Бәрімізге белгілі қазіргі кезде қазағымыздың үнін жырлаған, үніне үн қосқан аспаптарымыз ұмытылып барады. Соның ішінде атын естісе бәрі білетін, бірақ қызыға бермейтін аспаптарымыздың қатарына қобызымыз да кірді. Қобыз туралы біз білмейтін көптеген қызықты оқиғалар бар. Оның шығу тегі, жасалуы туралы бәрімізге қызық деп ойлаймын.

Қобыз – ғалам мен адам арасын байланыстырушы дүние. Рухани мәдениет ретінде қарастырсақ, қобыз аспап ғана емес бақсылардың емдеу құралы, қазақ халқында және өзге ұлттарда өзіндік орны бар қасиетті аспап. Қазақ халқы үшін Қорқытпен байланыстыратын қобыздың алатын орны ерекше. Сондықтан мәдени-мұраның қыры мен сырына үңіліп, қадір-қасиетін айқындау – бүгінгі ұрпақ, яғни, біздің борышымыз.

Қобыз – VIII ғасырдан, Қорқыт ата заманынан келе жатқан қазақ халқы үшін киелі аспап. «Қарағайдың түбінен қайырып алған, үйеңкінің түбінен үйіріп алған» қобызды қазақтың кие тұтуының өзіндік мәні бар. Бұл қобызды ойлап тапқан мистикалық тұлға – Қорқытпен тікелей байланысты. Қобыз адамның дауысын, қасқырдың ұлуын, аққудың қиқуын, жел мен судың үнін бере алады.

Аңыздарда жаңа жасалған аспапта Қорқыт баба күй тарта бастағанда, бүкіл дүние күңіреніп, әлемнің астаң-кестеңі шыққандығы айтылады. Көкте ұшқан құс пен жерде жүгірген аңды да күйінің сиқырлы үнімен арбай алған абыз атаның қасиетті қобызының үні шыққанда, бүкіл даланың топырағын төңкерген дауыл тұрып, аспанды күркіреген қою қара бұлт шалған. Ол өзінің болмысымен, күңіренген күйімен халықты қорқытып қана қоймаған, Сыр суының үстінде күй тартып, елін бақытқа кенелткен дейді. Қобызды қазақтың кие тұтуының сыры, оның осылай пайда болуының ғажайып ертегіге ұқсастығында да жатқан шығар. Табиғаттың қайталанбас дыбысын ағаштан ойылып жасалған қарапайым аспаптың бере алуы, көптеген ғалымның таңданысын тудырып отыр. Қобыз ұлттық мәдениетіміздің алтын діңгегі. Аспап ысқышы бар шекті аспаптардың қатарына жатады. Өнер киесін арқалаған бабаның өнегесін қадірлеп, өткенді ұмытпай, бабалар жолын жалғастыру үшін қажет. Осы мұраны танып меңгеру бүгінгі, келешек ұрпақтар үшін парыз.



ШАРЫН ШАТҚАЛЫ

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде «KazETU travel» саяхатшылар клубы тұрақты жұмыс істеуде. Оған мысал, ҚазИТУ студенттері атақты «Шарын» шатқалына кезекті саяхатын жасаған болатын. Осынау кең-байтақ еліміздегі айтып өтпеске, барып көрмеске болмайтын әсем де келбетті, табиғаты керемет көз тартарлық жерлер өте көп. Соның бірі студенттер демалып қайтқан Шарын шатқалы.

Шарын шатқалы Алматы қаласынан 195 шақырым шығысқа қарай орналасқан, ол 2004 жылдың 23 сәуірінде құрылған Шарын ұлттық паркінің құрамына кіреді. Шарын шатқалы жасы 12 миллион жылға жуық шөгінді тау жыныстарынан қалыптасқан табиғат ескерткіші. Шатқал құздарының биіктігі 150-300 метрге жетеді. Ол республикалық маңызы бар, ерекше қорғалған табиғи парк болып табылады.

Саяхат барысында студенттер Шарын шатқалына экскурсия жасап, әсем табиғатты қызыға тамашалады. Алматы қаласының бірқатар жоғары оқу орындарынан 150-ге жуық студент саяхат жасаған Шарын шатқалының



табиғаты тамаша. Табиғат аясында таза ауамен тыныстап, көңілді әндер шырқап, қызықты ойындар ойнаған студенттердің саяхаттан алған әсері керемет.

Ең бастысы жаңа достар тауып, басқа да жоғарғы оқу орындарының студенттерімен бірге көңілді уақыт өткізді. Ендігі кезекте «KazETU travel» саяхатшылар клубы келесі саяхатын Қазақстанның тағы бір табиғаттың тамашасы тұнған «Үлкен Алматы көлі», «Көлсай» және «Қайыңды» аймағына жоспарлап отыр.

МЕДЕУ МҮЗ АҮДЫНЫ

Студенттік шақ адам өміріндегі түрлі естеліктерге толы жарқын, ұмытылмас сәттердің бірі. Денсаулықтарын нығайту, көңіл көтеріп таза ауада тыныс алу мақсатында sneltynth қараша айында Медеу мұз айдынында болды. Бөтен қалада ата-анадан, туған жерден жырақта тұру бастапқыда бірінші курс студенті үшін қиындау болу мүмкін. Бірақ уақыт өте келе кез-келген ортаға, кез-келген қалаға үйренісіп кетуге болады. Алматы - табиғаты әсем, мың жылдық тарихы бар студенттер қаласы. Алматы

қаласына жыл сайын өзге өңірлерден студенттер көп жиналады. Кешен жаз айында да таптырмайтын мекен. Онда түрлі спорттық жарыстар өткізіледі. Ал қыста негізгі маусымы ашылады.

Мұз үстіндегі конькимен сырғанау шарасына Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің «Жаратылыстану-ғылыми пәндері» кафедрасы студенттері барып, табиғат аясында, таза ауамен тыныстап, көңілді уақыт өткізді.



Журналдың кеңесшісі:

ҚазИТУ ректоры
Сәрсенбекова Гүлнар
Әлібекқызы

Редколлегия алқасы:

ҚазИТУ студенттік
баспасөз қызметі

Мекенжай:

Әл-Фараби даңғылы 89/21
(Әл-Фараби даңғылы
93Г/5), 050060, Алматы

Байланыс нөмірлері:

+7(777)6082525
+7(747)3054939
kazetu2001@gmail.com